8. Мектепке білім алушыларды қабылдау сәйкесінше нормативтік-құқықтық актке байланысты қабылдансын. Сабақ режимі, оқу жүктемелері бекітілсін.

9. Инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың үлгерімдері мен психология-педагогикалық ерекшеліктері туралы мәліметтер негізінде білім алушылардың жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстары жүргізіле берсін.

10. Педагогтерді аттестаттау жұмыстары әрі қарай жүргізілсін.

11. Біліктілік курстардан өту тізімі бекітілсін.

12. Кәсіби қызметке алғаш келген педагогтерге бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлер бекітілсін.

13. Қосымша міндеттер жүктелген қызметкерлер әрі қарай жұмыстансын.

Кеңес төрағасы: А.Т. Елікеева

Хатшы: М.Н. Бердалина

## Хаттама №2

Педагогикалық кеңес отырысы

11.2022 ж.

№4 ХОМ

Қатысушылар – педагогикалық ұжым (тізім бойынша)

Кеңес төрағасы: А.Т. Елікеева

Хатшы: М.Н. Бердалина

Scanned by TapScanner

Тақырыбы: „Білім беру үдерісі субъектілерінің мотивациялық саласын дамыту арқылы негізгі құзіреттілікті қалыптастыру"

Күн тәртібінде:

1. Нормативтік құжаттардың талаптарын орындау №1 педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсыныстарын орындау.
2. „Педагогтың жоғары кәсіби құзіреттілігі – білім беру үдерісінің жоғары нәтижесі".
3. Білім алушыларға мектептегі психологиялық орталық арқылы жоспарлы көмектің жүйелі жүргізілуі, балалардың эмоциялық-ерік және жеке дамуын зерделеу.
4. Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен бұзақылықтың алдын алу бойынша мектептің I тоқсан атқарылған жұмыстар.
5. I тоқсанның білім сапасын талдау жұмыстары. PISA және МОДО бойынша жұмыстар

Тыңдалды:

. Нормативтік құжаттардың талаптарын орындау №1 педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсыныстарын орындау – мектеп директоры А.Т. Есенеева

1) 2021-2022 оқу жылының қорытындысы „қанағаттанарлық" деп бағаланды. Жаңа оқу жылына қойылатын мақсат міндеттер басшылыққа алынса

2) 2022-2023 оқу жылын ұйымдастырудағы нормативтік құқықтық актілері басшылыққа алынсын.

3) 2022-2023 оқу жылының жұмыс оқу жоспарлары бекітілсін (жалпы және мектепалды даярлық, үйден оқыту, ерекше білімді қажет ететін білім алушыларға арналған жұмыс жоспарлары)

3.1. 2022-2023 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыс жоспары бекітілсін.

3.2. Педагогикалық жүктемесі бөлу (мектеп үйірмелері, секциялары), жоспарлары бекітілсін.

4) Педагог қызметкерлердің педагогикалық жүктемесі мен жұмыс кестесі, күнтізбелік жоспар (вариативтік курстар) бекітілсін.

5) Мектепке 1, 10 сынып білім алушыларын қабылдау, ауыстыру және сабақ режимі, оқу жүктемесі бекітілсін.

6) Инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың үлгерімдері мен психология-педагогикалық ерекшеліктері туралы мәліметтер негізінде білім алушылардың жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру жұмыстары жолға қойылсын.

7) Педагогтарды аттестаттау жұмыстарын үйлестіру директордың оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары А.М. Тұрғынбаеваға жүктелсін, біліктілік курстардан өту тізімі бекітілсін.

Scanned by TapScanner

8) Кәсіби қызметке алғаш келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгер тағайындалсын.

9) Қосымша міндеттер жүктеу туралы бұйрықты басшылыққа алынсын.

2. „Педагогтың жоғары кәсіби құзыреттілігі — білім беру үдерісінің жоғары нәтижесі"

Білім алушыларға мектептегі психологиялық орталық арқылы жоспарлы көмектің жүйелі жүргізілуі, балалардың эмоциялық-ерік және жеке дамуын зерделеу — педагог-психологтар С.М. Ильясова, Рахимжанова А.Р.

Мектеп психологтары білім алушыларға психологиялық орталық арқылы жоспарлы көмек көрсету жұмысының мақсатымен, деңгейлер мен таныстырып өтті. Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің міндеттері туралы, қызмет негізгі үш бағыттан тұратын тұтас жүйе ретінде қызмет атқаратындығы туралы айтты. Оқу үдерісі басталып 5 сынып оқушыларының бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі кездесетін қиындықтарын анықтау мақсатында оқушылардан сауалнама алынып, түрлі тренингтер мен жаттығулар өткізілді. Психологиялық көмек қажет ететін оқушылармен көптеген жұмыстар атқарылды. Психологиялық қызметті ұйымдастырудың нәтижелілігін мынадай [illegible]

Scanned by TapScanner

көруге болады! Бала тәрбиесіне бір ғана психолог маман не ата-ана, ұстаздар ғана емес, қоғам болып араласу керектігін айтып, сөздерін қорытындылады.

3. Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен бұзақылықтың алдын алу бойынша мектептің I тоқсанда атқарылған жұмыстар – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Муканова А.Ж.

Мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңестің негізгі бағыттары балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесінде туындайтын мәселелермен айқындалады.

Балалардың құқық бұзушылықтарының алдын алу мәселесі қашанда өзекті, бүгінгі таңда тек мұғалімдерді, тәрбиешілерді ғана емес, әрбір сабақты себепсіз жіберген оқушылар туралы қарастырылды, оқушылардың ата-аналары шақыртылды.

„Қараусыздық және құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңестің" жұмыс жоспары орындалуда.

4. I тоқсанның білім сапасын талдау жұмыстары. PISA және МОДО бойынша жұмыстар – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Құрманбаева Г.Т.

Оқушылардың БЖМ тексеру нәтижелері бойынша оқу-тәрбие процесін талдау мына нысанда

Scanned by TapScanner

жүргізілгендігі: мектеп оқушыларының мемлекеттік стандартты меңгеру сапасын анықтау мақсатында барлық пән бойынша білім сапасы көрсеткіштері туралы анық айтып өтті.

PISA және MODO бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқандығы туралы айтылды.

Шешім:

1. Нормативтік құжаттардың талаптарын орындау №1 педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсыныстарын орындау жауапты мамандар міндеттелсін.
2. „Педагогтың жоғары кәсіби құзыреттілігі - білім беру үдерісінің жоғары нәтижесі" баяндамасы басшылыққа алынсын.
3. Білім алушыларға мектептегі психология орталық арқылы жоспарлы кеңестің жүйелі жүргізілуі, балалардың эмоциялық-ерік және жеке дамуын зерделеу жұмыстары „қанағаттанарлық" деп бағалансын.
4. Әлеуметтік жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен бұзақылықты алдын алу бойынша мектептің I тоқсандағы атқарылған жұмыстары „қанағаттанарлық" деп бағалансын.
5. I тоқсанның білім сапасын талдау жұмыстары „қанағаттанарлық" деп бағалансын.
6. PISA және MODO бойынша жұмыстарды жандандыру пән мұғалімдеріне міндеттел[illegible]

Scanned by TapScanner

және әлеуметтік желілерге уақытылы жариялау науқанты маманға жүктелсін.

Кеңес төрағасы: [signature] А.Т. Ешкеева

Хатшы: [signature] М.Н. Бердалина

Scanned by TapScanner

**«Білім беру үдерісі субъектілерінің мотивациялық саласын дамыту арқылы негізгі құзыреттілікті қалыптастыру» мазмұны бойынша №2 Педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. Нормативтік құжаттардың талаптарын орындау № 1 педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсыныстарын орындау жауапты мамандарға міндеттелсін.

2. "Педагогтың жоғары кәсіби құзыреттілігі-білім беру үдерісінің жоғары нәтижесі" баяндамасы басшылыққа алынсын.

1. Білім алушыларға мектептегі психологиялық орталық арқылы жоспарлы көмектің жүйелі жүргізілуі, балалардың эмоциялық-ерік және жеке дамуын зерделеу жұмыстары «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

3. Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен бұзақылықтың алдын алу бойынша мектептің 1 тоқсандағы атқарылған жұмыстары «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

4. 1 тоқсанның білім сапасын талдау жұмыстары «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

5. Pisa және МОДО бойынша жұмыстарды жандандыру пән мұғалімдеріне міндеттелсін және әлеуметтік желілерге уақытылы жариялау жауапты маманға жүктелсін.







